

## Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде органикалық ауыл шаруашылығы өнімінің ортақ нарығын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралардың ("жол картасы") жоспары туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 16 Өкімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 4-бабының үшінші абзацына, 95-бабының 1-тармағының 3 және 4-тармақшаларына сәйкес:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде органикалық ауыл шаруашылығы өнімінің ортақ нарығын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралардың ("жол картасы") жоспары бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтерімен бірлесіп, осы Өкіммен бекітілген жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің  
2021 жылғы 20 тамыздағы № 16  
өкімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде органикалық ауыл шаруашылығы өнімінің ортақ нарығын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралардың ("жол картасы") ЖОСПАРЫ

Іс-шараның атауы	Іске асыру нысаны	Орындау мерзімі	Орындаушы
1. Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) шеңберінде органикалық ауыл шаруашылығы өнімінің еркін (кедергісіз) өткізілуін қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық шарт әзірлеу, соның ішінде: салыстырмалы, соның ішінде "Органикалық			



<p>мүше мемлекеттерде органикалық ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің және органикалық ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің сәйкестігін растауды жүзеге асыратын аккредиттелген органдардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар дайындау үшінші елдерде шығарылған органикалық ауыл шаруашылығы өнімінің Одақтың ішкі нарығына қол жеткізуін реттеу жөнінде ұсыныстар дайындау мүше мемлекеттерде органикалық ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің және айналысының ресми статистикалық ақпаратын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар дайындау</p>			
<p>2. Комиссияның Халықаралық органикалық ауыл шаруашылығы үшін қозғалысы федерациясымен (IFOAM ) және Органикалық ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтымен (FIBL) ынтымақтастық туралы меморандумдарының жобасын дайындау</p>	<p>меморандумдар</p>	<p>2023 жыл</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары</p>
<p>3. Мүше мемлекеттерде өндірілген органикалық ауыл шаруашылығы өнімінің үшінші елдердің нарықтарына қол жеткізуі мәселелері бойынша ұсынымдар тұжырымдау</p>	<p>Одақ органдарының актілері (қажет болуына қарай)</p>	<p>2023-2025 жылдар</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары</p>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК